



ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Акуинолық Томас: нақты дүниені
бірыңғай түсіндіру. 1-бөлім

2-тарау. Орта ғасыр философиясы



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 2. Орта ғасыр философиясы

Дәріс: 9. Акуинолық Томас: нақты дүниені бірыңғай түсіну. 1-бөлім

Акуинолық Томас есімі тілге оралғанда, біз оны христиан әлемінің ұлы философтарының бірегейі ретінде еске аламыз.

Христиан дүниесінде Акуинолық Томас пайда болғанға дейін де, одан кейін де ойшылдар жеткілікті болды.

Бірақ оның ілімі мен еңбектері батыс христиан білімінің негізіне айналды. Әсіресе Рим католик дәстүрінде болашақ дін өкілдерін дайындау осы ілімге сүйеніп жүргізілді. Акуинолық Томас философиясын «томизм» деп те атайды. Оның қазіргі қалыпқа сай жарияланған еңбектері бірнеше кітап сәресін толтырады. Осыған қарамастан, философ олардың бәрін айтарлықтай аз уақытта – жиырма жылдың ішінде жазып шықты деп болжамдалады. Оның есімі періште доктор құрметті атағының иегері ретінде жиі айтылады. ХХІ ғасырда оның еңбектеріне қызығушылық айтарлықтай өсті және философиялық әдістері қазіргі заманның ағымына қарсы келмейді. Сондықтан әлі күнге дейін белсенді түрде қолданылады. Акуинолық Томастың негізгі идеяларын қамтыған философиялық ағым неотомизм ретінде белгілі.

Өмірі

Акуинолық Томас Неапольге жақын қамалда 1225 жылы дүниеге келді. Әйгілі христиан философының әкесі Акуино қаласының графы еді.

Білім алу үшін Томасты бес жасында Монте-Кассинодағы Бенедикт монастыріне жіберді. Ол сол жерде 1239 жылға дейін болды. Ол он төрт жасында Неаполь университетіне оқуға түсті. Жиырма жасында ол доминикандықтар орденінің мүшесі атанды. Бұл жайт оның отбасын қатты қамықтырды, ақыры ағалары болашақ философты ұрлап әкетіп, отбасылық қамалда бір жыл бойы күштеп ұстап отырды. Бірнеше жылдан кейін Акуинолық Томастың отбасы тән рақаттарына тамсанып, тақуалық таңдауынан бас тартар деген үмітпен оның бөлмесіне жас әрі әдемі қызды әкелді. Бірақ, жаратылысы өзгеше жас жігіт діни жырларды жатқа айта отырып, қызды бөлмесінен қуып шықты.

Таңдауына адал болуға бекінген Томас бәрібір үйінен қашып, оқуын жалғастырды, бұл жолы Париж университетінде оқыды.

Оның мұндағы тәлімгері – өте білімді және интеллектуалдық қызығушылығы мол ұстаз Ұлы Альберт еді.

Ұлы Альбертті әсіресе Аристотельдің еңбектері қызықтырды.

Бұл Акуинолық Томастың философиялық ойларының дамуына едәуір ықпал етті. Кейбіреулер Томас ұстазы сияқты өте білімқұмар емес еді деп жорамалдайды, бірақ оның бойында алған білімін жинақтау және жүйелеу сияқты бірегей қабілет бар еді. Ол христиандық идеяларды жеткізу үшін Аристотельдің философия ұғымдарын қолданып, табысқа жетті. ХХ ғасырға дейін Акуинолық Томастың ілімі, сондай-ақ Аристотельдің философиялық теориялары Рим католик шіркеуінің іліміне мән берген және ең маңыздысы, оны тікелей айқындаған қайнар көз болып келді. Бірақ бұл ұлы философтардың еңбектерін бұрыс тәпсірлеушілердің де болуы мүмкін еді.

Ол Парижде 1248 жылға дейін өмір сүрді, сосын сол шамада доминикандықтар орденінің жаңа мектебі пайда болған Кельнге көшіп барып, онда 1252 жылға дейін тұрақтады. Парижге оралған соң ол Інжілді зерттеуін жалғастырып, 1256 жылы Ломбардтық Петрдің «Сентенцияларына» түсіндірмелерін жазып бітті. Бұл жұмысты жүзеге асыру оған теологиядан дәріс оқуға рұқсат беретін ғылыми дәрежені – лиценциатты алу үшін қажет еді. Сол жылы оған магистр дәрежесі берілді.

1259 жылы Акуинолық Томас Италияға аттанып, біршама уақыт Папа куриясының жанындағы Studium generale оқу орнында теологиядан сабақ берді. Ол 1268 жылы Парижге оралып, онда 1272 жылға дейін болды. Неапольде ол 1272 жыл мен 1274 жылдың арасында тағы бір Studium generale оқу орнын ашты. Кейін Лионға шіркеу кеңесіне қатысуға шақырылды, алайда соған бара жатқан сапарында, қырық тоғыз жасында қайтыс болды.

Ол өзінің бүкіл өмірін Рим католицизмінің ортодоксиясын зерттеп, қорғауға және католиктік ақиқатты қатаң жүйелеуге арнады. Ойларын әдетте үш хатшыға дауыстап оқып отырып жаздырған көрінеді.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 2. Орта ғасыр философиясы
Дәріс: 9. Акуинолық Томас: нақты дүниені бірыңғай түсіну. 1-бөлім

Оның қайраттылығы соншалық, Неапольден Парижге, одан Кельнге жетіп, сол жақтан Парижге қайта соғып, сонан соң Римге барып, қайтадан тағы да Неапольге оралып, жиыны 15 000 шақырымды жаяу жүріп өткен екен.

Діни қауымның өкілі болғандықтан Акуинолық Томас өте діндар адам болды, бүкіл өмірін Исаның мейірбандығы мен Қасиетті бірігуге сенуге арнады. Оны әулие санатына қосуды қолдаушылар ылғи жымыяп жүретін, елгезек, мейірімді де ашық, қарапайым да шыдамды, басқаларға ешқашан жаман сөз айтпайтын жан деп суреттейді. Рим папасы IV Урбан ойшылды Исаның тәні мен қаны мерекесіне арналған күн сайынғы сыйынуға шақырды, бұл рәсім аясында Исаның тәні мен қанының бірігу тылсымында болуы немесе жүзеге асуы тойланатын. Бұл мерекені өткізу 1264 жылы міндетті болды.

Екі негізгі еңбегі – 1258–1260 жылдары шыққан, христиан дінінің ақиқаттылығын ең әуелі христиан емес ойшылдарға қарсы бағытталған дәлелдер келтіру арқылы жария еткен «Пұтқа табынушыларға қарсы сумма» және «Теология суммасы». Ол философиялық теорияларын жасап, еңбектерін жазған кезең – исламның христиандыққа қарсы тұра бастаған уақыты еді. Христиан ілімі исламнан көп нәрсені қабылдап, көп нәрсені үйренуге тиіс еді. Акуинолық Томас тың ұлы философиялық жетістіктері мен еңбектері – соның дәлелі.

Ол Тулуза қаласындағы Якоб шіркеуінде жерленді. Оны 1323 жылы XXII Иоанның шешімімен канондады, әулиелер қатарына қосты. Акуинолық Томасты 7 наурызда еске алады, бірақ бұл күн қазір 28 қаңтарға ауысты.

Ойлары

Христиан философы

Акуинолық Томастың философиясы туралы сөз еткенде, ең алдымен, философия және теология ұғымдарының мағынасын анықтап алғанымыз өте пайдалы болар еді.

Теология – діни теориялардың негізгі ережелерін жүйелеу талпынысы. Ал дін – бізді қоршаған нақты дүниенің ақиқат ішкі мәнін көруіміздің бейнесі: оның кейбір элементтері рационалды, кейбірі бейрационалды. Бұл тұста айта кететін жайт бейрационалды дегенде, біз оларды ұғынуға ақылымыз жетіңкіремейді дегенді меңзейміз; бірақ бұл ол элементтер иррационалды деген сөз емес. Діннің бейрационалды элементтеріне интуиция, яғни ақиқатты түп негізінен тікелей ұғыну, эмоция және адамның Құдайға құлшылық ету қадамы жатады. Мұндай элементтер діндегі «аянға» мықтап тәуелді. Аян немесе Құдіретті нұрға бөлену, әлде көріпкелдік қандай да бір мәлімет немесе білім адамға Құдіретті негізден келеді дегенді білдіреді. Сонан соң белгілі бір адамдар осы элементтерді «аяндарды» сыни тұрғыдан қарастырады, олардан негізгі құндылықтарды шығарып алып, бір кездері қасиетті ұстаздардың аузынан шыққан немесе қасиетті жазбаларда бар ілімдердің шамалас маңыздылығын айтады, жаман мен жақсының, дұрыс пен бұрыстың парқын қарастырып шешеді, шіркеу қызметінің ғұрыптық жағын дамытуға ықпал етеді. Осының бәрін бұл адамдар өз ойлары мен түсініктерінің негізінде жасайды. Демек, осы айтылғанның бәрі діннің рационалды элементтеріне жатады.

Теологияның арқасында ғана дін бұрынғыдан тиянақтырақ бола түседі, сонымен қатар, таза адами қызметке айналады. Оның басты негізі – сенім және оның бейрационалды қағидалары. Теология діни идеяларды, олардан біртұтас рационалды, логикалық және реттелген жүйе құра отырып, жинақтайды.

Басты мақсаты – сенімнің мән-мағынасын зерттеу, оны ақылмен танып-білу және оның ақиқаттары мен құндылықтарына қайшы келетіннің бәрін сүзгіден өткізбей тастау.

Философия өмірлік тәжірибеден алынып, жиналған мәліметтердің бәрін рационалды әдістердің көмегімен зерттеу қажет деп пайымдайды. Ол біз өмір сүріп отырған дүние мен біздің өмірлік тәжірибемізді реттеуге, үйлестіруге, жинақтауға ұмтылады.

Оның «аянмен» ісі жоқ. Ақыл-ойдың көмегімен жүзеге асырылады. Ойлаудың осы екі – діни және философиялық – түрінің арасында едәуір айырмашылықтар бар. Дін өзінің басты көрінісі – қандай да бір жоғары объектіге, Құдайға беріле қызмет ету деп түсінеді. Ал философтар



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 2. Орта ғасыр философиясы

Дәріс: 9. Акуинолық Томас: нақты дүниені бірыңғай түсіну. 1-бөлім

толық дәлелденбеген теориялар мен гипотезаға ессіздікпен беріле қызмет етуге болады деп есептемейді.

Десек те философия мен теология кейбір мәселелер тұрғысынан алғанда біршама жақын. Ол рухани негіз – дүниеде бар болып отырғанның бәрінің ақиқат көзі деп тұжырымдайды. Бұл жоғары рухани негіз өзіне тәуелдінің бәріне қамқорлық пен мейірім сыйлайды. Сондықтан теология діннің нағыз рухани маңызы бар элементтері мен жай ғана дәстүрлі және эмоциялық құндылықтарға ие элементтерінің ара-жігін дәл, яғни нағыз философиялық әдістермен айқындауы тиіс. Философ зерттеудің ғылыми әдістеріне басымдық береді және ғылым адам өмірінің қандай да бір құндылықтарына жатпайтынын атап көрсетеді. Біз интуиция мен адамгершілік қағидаларын өзіміз зерттеп-танығымыз келетін нақты дүниенің құрамдас бөліктері деп қабылдағанда ғана дін философиясының бар-жоғы сұрақ туғызбайтын болады.

Жүйеленген христиандық философияның дамуы

Платон қайталанбас және терең ойлы философ болды: ол өзіне дейінгі ойшылардың идеяларын жинақтап, қорыта білді, сондай-ақ, сол идеялардың негізгі мәнін анықтап, олардан әлдеқайда терең мағына таба алды. Ол өз философиясын ретті жүйеге келтірген жоқ. Оның философиясы қарама-қайшылықты, ішкі үйлесімі жоқ идеялардың қарабайыр жиынтығы емес еді. Десек те, Платон беймәлім, күмәнді немесе түсіндірілмеген тұстары жоқ, аяқталған философиялық жүйе құруға ұмтылды.

Ерте христиандық әкейлері оның еңбектерінен өздеріне пайдалы көп нәрсе тапты. Олар платонизм тілін жақында пайда болған христиан дүниетанымының негізгі идеяларын бейнелеу үшін қолдануға ұмтылды. Платонның сезім әлемі мен мәңгілік формалар дүниесін ажыратуға қатысты көзқарастарын жоғары бағалады. Оларды ойшылдың адамгершілік тазалығы, адам жанының ұлы міндеті – ізгілікке ұмтылыс деген пікірі қызықтырды. Шіркеу әкейлері кейбір идеяларын жоққа шығарғанын да атап өту керек. Оның теориясы бойынша адамның жаны бұрынғы өмірлерде өмір сүрді, ал христиан діні бойынша, Құдай әр адамды бірегей және құндылық деп бағалайды. Олар Платонның білімге еске түсіру арқылы жету теориясы мен христиандықтың Қайта тірілу іліміне қарсы келетін ажалсыздық теориясын да қабылдамады.

Христиан шіркеуінің әкейлері Аристотельді жоғары бағалай қойған жоқ. Себебі оларға оның материализмге бейімділігі ұнамады. Ойшылдың іліміне сәйкес, ұстамдылық пен бірқалыптылыққа негізделетін ізгі қасиеттер христиандықтың махаббат туралы идеясына қайшы келді. Оның Құдайы өзінің жақсы көріп жаратқан қауымынан өте алыс болды. Осылайша ерте христиандықтың өкілдері Аристотельдің іліміне күмәндана қарады және оның еңбектерін елемеді. Көп ұзамай бұл еңбектер жоғалып кетті. Ұлы философтың аз ғана еңбегі сақталып, еуропалықтарға белгілі болды. Бірақ қолда қалғаны сапасыз көшірмелері ғана еді. Ең маңызды еңбектерінің басым көпшілігі Араб дүниесінің көрнекті кітапханаларында сақталды. Бұл христиандық Еуропаның араб Шығысымен жемісті байланыстары басталып, оның еңбектерінің ең жақсы нұсқалары кеңінен танымал болғанға дейін еді.

Ұлы араб ойшылдары Ибн Сина мен Ибн Рушд – Аристотель философиясының кейбір элементтерін Платонның ойларымен араластырғаннан кейін Батыс Аристотельдің еңбектеріне қызыға бастады. Ойшылдың философиясына назар аударған және осы арқылы оған Еуропаның қызығушылығын оятқан алғашқы Батыс ойшылы Ұлы Альберт еді. Оның ісін Акуинолық Томас жалғастырды.

Ұлы Альберт Батыстағы Аристотельдің «Никомах этикасына» жазылған ең алғашқы түсіндірменің авторы. Батыста ислам философы Ибн Рушдтың баяндауы арқылы ғана таныс болған Аристотельдің шығармаларын нақ осы ойшыл католиктік құдайтану ілімінің айналымына енгізді. Ұлы Альберт оның ілімі мен христиан діні арасында қарама-қайшылықтың жоқ екенін көрсетті. Бұл тұста қазақ даласының перзенті әлемнің Екінші ұстазы атанған Әбу-Насыр әл-Фараби есімізге түседі. Әл-Фарабидің, әсіресе, оның байланыс теориясының христиандық схоластикалық философиясына тигізген ықпалына келсек, бұл турасында Гаммонд былай деп жазады: «Ұлы Альберт өзінің шығармашылығында әл-Фарабиден көп дүниені қабыл алды. Ол әсіресе, метафизикалық мәселелерде оған көп жүгінді. Ұлы Альберт пен Акуинолық Томастың



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін
Тарау: 2. Орта ғасыр философиясы
Дәріс: 9. Акуинолық Томас: нақты дүниені бірыңғай түсіну. 1-бөлім

мақсаты ислам философиясын, аристотельдік ілімді және христиандық теологияны біріктіру еді». Ал философия тарихын зерттеуші Гилсон христиандық махаббат теориясы туралы жазған кітабында христиандықтағы мистикалық мағыналарды және сопылық бетбұрыстарды сөз ете келіп, Құдайға деген сүйіспеншіліктің әл-Фараби меңзеген бақыт ұғымына апаратын жол екендігін айтады. Ұлы Альберт және Акуинолық Томас «қасиетті ақыл» туралы ілімді дамытты: олар өздерінен бірнеше ғасыр бұрынғы әл-Фарабидің айтқан Киелі Рух ұғымын қолға алып, «қасиетті ақыл Киелі Рухтың ұлы» деген тоқтамға келеді. Акуинолық Томас рухтың шаттық пен қуанышқа жетуі үшін мәңгі ақиқаттарды пайымдау қажет деп тапқандығын атап көрсетеді.

Осының арқасында ол антикалық философияға, соның ішінде Аристотельдің еңбектеріне христиандық сипат беруге мүмкіндік алды. Сенім мен ақылды біріктіруге ұмтылған ол христиан дінінің сенімдік догматтары мен діни-философиялық байыптамаларын оның логикасы мен метафизикасына сүйенетін әлеуметтік-теориялық және ғылыми рефлексиямен толықтырды.

Акуинолық Томастың теологияға қосқан үлесі

Акуинолық Томас сенім мен ақылдың түрлі өлшемдер екеніне сенімді болды. Ақиқат сенімнен туындаған жағдайда, ол – Құдіретті аянның сыйы. Ақыл ұғынған ақиқат та – Құдіретті аянның сыйы. Бірақ ол адамның ақыл-ойы Құдіретті аян сәулесінің көмегінсіз де ұғына алады деп есептеді. Томастың ойынша, Құдай жанға жарығын түсіріп, нұрландырады. Тек осы жағдайда ғана жан мәңгілік ақиқаттарды өз ақылымен қабылдауға қабілетті. Осылайша оның жаратушы күшін, мәңгілігін және Құдіретті күшті аянның көмегінсіз-ақ дәлелдеуге болады. Құдірет табиғатын адам сезім арқылы танып-біле алар еді.

Ол танымның Аристотель ұсынған принципін ықыласпен қабылдады. Бұл принцип бойынша кез келген танымдық процестер сезіммен түйсінуден басталады: «Адамның ақылында әуелгі кезде оның сезімдерінің көмегімен қабылданбаған ештеңе жоқ». Акуинолық Томас Құдайдың бар екенін қисынды түрде дәлелдеуге негіз бола алатын бес жолды дайындады. Бұл дәлелдерді адамның ақыл-ойына аса қажет деп қарастырған. Ұлы философтың ойынша, оның себебі біздің Құдай туралы біліміміз бен түсініктеріміздің көмескілігінде, шатасқанында, сол себепті де, Құдірет табиғаты туралы анық та ұғынықты пайымдай алмаймыз. Оның бүкіл дәлелдері апостериор, яғни тәжірибеден туындайтын болды: олар салдарды негізге алып, оны туындатқан себепті анықтады.